

Қырғыз Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Ресей Федерациясымен және Түрікменстанмен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын шегендеу және Қытай Халық Республикасымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қайта шегендеу жөніндегі бірлескен комиссиялардағы Қазақстан Республикасының үкіметтік делегациясы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 804 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 19 қазандағы № 675 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2020 № 675 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 2-тармағына және 55-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қырғыз Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Ресей Федерациясымен және Түрікменстанмен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын (бұдан әрі – Мемлекеттік шекара) шегендеу және Қытай Халық Республикасымен Мемлекеттік шекараны қайта шегендеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қырғыз Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Ресей Федерациясымен және Түрікменстанмен Мемлекеттік шекараны шегендеу және Қытай Халық Республикасымен Мемлекеттік шекараны қайта шегендеу жөніндегі бірлескен комиссиялардағы Қазақстан Республикасы үкіметтік делегациясының (бұдан әрі – делегация) құрамы бекітілсін.

2. Делегация:

1) 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау және оны демаркациялау процесі туралы шартқа, 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасы туралы шартқа, 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2001 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан

Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы туралы шартқа, 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2002 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасының жекелеген учаскелері туралы шартқа, 2005 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын шегендеуді ұйымдастырсын және жүргізісін;

2) шегендеу жұмыстарының қорытындысы бойынша Мемлекеттік шекара сызығы өтуінің хаттама-сипаттамаларын, Мемлекеттік шекара сызығы және шекаралық белгілер бейнеленген келісілген масштабтағы карталарды, шекаралық белгілердің хаттамаларын, шекаралық белгілердің координаталары мен биіктіктерінің каталогтарын, шекаралық белгілер бағаналарының өзара орналасу схемаларын, аралдардың тиесілілік кестелерін, делегация басшысы не оның орынбасарлары қол қоятын шегендеу комиссияларының жұмысы туралы қорытынды хаттамаларды дайындасын;

3) 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2002 жылғы 10 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттамаға сәйкес Қытай Халық Республикасымен Мемлекеттік шекара сызығының белгіленуін бірлескен тексеруді және қажет болған жағдайда қайта шегендеуді (жоғалған шекаралық белгілерді қалпына келтіруді және ескіргендерін жөндеуді, қосымша шекаралық белгілер орнатуды) ұйымдастырсын және жүргізісін;

4) қайта шегендеу жұмыстарының қорытындысы бойынша Мемлекеттік шекара сызығының белгіленуін бірлескен тексеру туралы хаттаманы, Мемлекеттік шекара сызығы өтуінің хаттама-сипаттамасын (тексеру нәтижелері бойынша түзетілген редакцияда), келісілген масштабтағы шегендеу карталарын (жергілікті жердің қазіргі жағдайына сәйкес түзетілген), тексеру нәтижелері бойынша қайта орнатылған немесе жаңадан орнатылған шекаралық белгілердің хаттамаларын, сондай-ақ шекаралық белгілердің координаталары мен биіктіктері каталогына, шекаралық белгілер бағаналарының өзара орналасу схемаларына және аралдардың тиесілілік кестесіне толықтырулар мен түзетулер дайындасын;

5) шегендеу және қайта шегендеу барысында туындаған және тиісті комиссиялар шеше алмайтын мәселелерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары , тиісті ұйымдар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің сұратуы бойынша:

1) делегация құрамында Қазақстан Республикасының шегінде және одан тыс жерлерде жүзеге асырылатын жұмысқа үшін өз өкілдерін жіберсін (Қазақстан Республикасының шегінде – іссапар шығыстарын төлей отырып);

2) Мемлекеттік шекараны шегендеу және қайта шегендеу жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдем көрсетсін және осы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі делегация мүшелеріне және сарапшыларға 003 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жасалатын іссапар шығыстарына қаражат бөлу туралы шешімдер қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен бірлесіп, шекаралық белгілерді орнату және қайта орнату, шекаралық соқпақтарды салу, геодезиялық, гидрографиялық және топографиялық жұмыстар жүргізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды, Мемлекеттік шекараны шегендеу және қайта шегендеу нәтижелері бойынша құжаттарды дайындау мен басып шығаруды жүзеге асырсын.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 21.05.2019 № 300 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі және тиісті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері хаттамалық іс-шараларды ұйымдастыруды, делегациялар мүшелерінің жеке қауіпсіздігін, олардың мүліктері мен құжаттамаларына, оның ішінде кедендік шекарадан өту кезінде қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының аумағында келіссөздер жүргізу және шегендеу және қайта шегендеу жұмыстарын жүргізу кезінде олардың тіркелуі мен кедергісіз жүріп-тұруын жүзеге асыру жөнінде жәрдем көрсетуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында келіссөздер, консультациялар және кездесулер өткізу кезінде Мемлекеттік шекараны шегендеу және қайта шегендеу жөніндегі бірлескен комиссиялардың жұмыс істеуіне жағдай жасауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 804 қаулысымен
бекітілген

Қырғыз Республикасымен, Өзбекстан Республикасымен, Ресей Федерациясымен және Түрікменстанмен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын шегендеу және Қытай Халық Республикасымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қайта шегендеу жөніндегі бірлескен комиссиялардағы Қазақстан Республикасы үкіметтік делегациясының құрамы

Ескерту. Делегациясының құрамы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 21.05.2019 № 300 қаулысымен.

1.	Аманжолова Зүлфия Алтайқызы	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, жетекші
2.	Ғиззатов Вячеслав Хаменұлы	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, жетекшінің орынбасары
3.	Жұмақанов Николай Владимирович	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық құқық департаментінің директоры, жетекшінің орынбасары
4.	Әбділдинов Жақсыбек Кенесұлы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны "Қазгеокарт" филиалының директоры, жетекшінің орынбасары
5.	Шапкенов Серік Жамбылұлы	- Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары
6.	Шүкеев Мұратхан Жүнісәліұлы	- Жамбыл облысы әкімінің орынбасары
7.	Байбеков Шалқар Заманбекұлы	- Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары
8.	Қожаниязов Серік Салауатұлы	- Қызылорда облысы әкімінің орынбасары
9.	Сәкеев Руслан Кенесарыұлы	- Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары

10	Садыр Ербол Әбілхайырұлы	- Түркістан облысы әкімінің орынбасары
11	Қабденов Мұрат Талапұлы	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетінің төрағасы
12	Бекмұқашев Қажымұқан Ахматдинұлы	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Геодезия және картография басқармасының басшысы
13	Сәкенов Нұрлан Рахымжанұлы	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық құқық департаменті директорының орынбасары
14	Герасимов Сергей Владимирович	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери-ғарыштық бағдарламалар орталығы бастығының орынбасары – геоакпараттық қамтамасыз ету басқармасының бастығы
15	Ахметқалиев Серік	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Бас штабы жауынгерлік кезекшілік және жауынгерлік қызмет басқармасының аға консультанты (келісу бойынша)
16	Кейісов Ризабек Қайырбекұлы	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық құқық департаменті мемлекеттік шекара басқармасының аттас есі
17	Тойбекова Меруерт Лесбекқызы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің геодезия және картография басқармасының бас сарапшысы
18	Шпак Андрей Анатольевич	- Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті су көлігі басқармасының бас сарапшысы
19	Қазанбасов Бақыт Алпысбайұлы	- Жамбыл облысы Жамбыл ауданының әкімі
20	Көпбосынов Бахтияр Бейсембайұлы	- Жамбыл облысы Жуалы ауданының әкімі
21	Байтөле Болатбек Байқонысұлы	- Жамбыл облысы Қордай ауданының әкімі
22	Өмірбеков Мейірхан Азатұлы	- Жамбыл облысы Мерке ауданының әкімі
23	Қырықбаев Асқар Санатұлы	- Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының әкімі
24	Досаев Қайрат Әскербекұлы	- Жамбыл облысы Шу ауданының әкімі
25	Батырбаев Дәулет Бахитұлы	- Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының әкімі
26	Булавкина Ольга Александровна	- Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімі

27	Байғонысов Қалихан Байғозыұлы	- Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының әкімі
28	Токсейітов Нұржан Тілеужанұлы	- Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының әкімі
29	Мұратов Жомарт Хайдарұлы	- Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының әкімі
30	Акулов Григорий Иосифович	- Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының әкімі
31	Маханбетов Асан Жақыпбекұлы	- Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімінің орынбасары
32	Жаңбырбаев Абай Данабекұлы	- Түркістан облысы Келес ауданы әкімінің орынбасары
33	Сұлтанханов Сәкен Асылханұлы	- Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімінің орынбасары
34	Сейтімбетов Марат Сахидоллаұлы	- Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары
35	Жолдыбай Қайрат Жолдыбайұлы	- Түркістан облысы Шардара ауданы әкімінің орынбасары
36	Жолдығұтов Асқар Абдолдаұлы	- Алматы облысы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы
37	Барсукова Виктория Александровна	- Шығыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасының басшысы
38	Орақбаев Ғалымжан Жәдігерұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы
39	Әбдуов Нұрлан Әбрахманұлы	- Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы
40	Молдабай Бердібек Тілеукабылұлы	- Жамбыл облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары
41	Бижігітов Беркінбек Тастемірұлы	- Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
42	Пешенов Мұстафа Кенесбекұлы	- Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы

43	Қараталов · Ай дос · Ермеқұлы	- Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
44	Юсупов Бекнұр	- Жамбыл облысы Мерке ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
45	Жанаділов · Досмұхамбет	- Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
46	Өтепов Данияр · Құттыбайұлы	- Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
47	Қойшыбаев · Шахмардан · Сұлтанбекұлы	- Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының басшысы
48	Тоғызбаев · Қайрат · Әбенұлы	- Қызылорда облысы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы
49	Ахметов · Нұрлан · Әбілдаұлы	- Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
50	Жанұзақ Ардақ · Баспақбайұлы	- Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
51	Өтегенов · Бақытжан · Әлиханұлы	- Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
52	Байболов · Бабаназар · Тұрақұлы	- Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
53	Омаров · Бекмұрат · Тәліпұлы	- Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
54	Меңлібеков · Ерлан · Меңлібекұлы	- Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
55	Қарақожаев · Нұржан · Шәзіндаұлы	- Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы
56	Досжанов · Алмас Асанұлы	- Шығыс Қазақстан облысы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы басшысының орынбасары
57	Дүзмағамбетов · Есемұрат · Дәулетиярұлы	- Маңғыстау облысының жер қатынастары басқармасының басшысы
58	Елтизаров · Рахат · Тезекбайұлы	- Маңғыстау облысы жердің пайдалануы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы
59	Сәдуақасов · Сәбит · Қыдырғалиұлы	- Алматы облысының жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары
60	Тілеген Ерғали · Амангелдіұлы	- Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары

61	Дабаров Серік Смайылұлы	- Түркістан облысы Жетісай ауданының жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы
62	Бейсеқұл Баыржан Тұрсынбайұлы	- Түркістан облысы Келес ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы
63	Атақұлов Нұржан Жақсылықұлы	- Түркістан облысы Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы
64	Көкеев Нұржан Қалдарұлы	- Түркістан облысы Сарыағаш ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы
65	Исаев Мейрамбек Зұлпыхарұлы	- Түркістан облысы Шардара ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы
66	Мұхаддас Ақылбек Мұхаддасұлы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің директоры
67	Байжігіт Ербол Бердібайұлы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалының директоры
68	Есенбеков Мұрат Тонтайұлы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы филиалының жер кадастры басқармасының басшысы
69	Кеңбаев Алмас Әділбайұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалы директорының орынбасары – бас инженер
70	Әжібеков Берік Темірханұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалы техникалық бөлімінің жетекшісі
71	Ақзамбекұлы Азамат	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің жетекшісі
72	Өтесбаев Алмат Қалауұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалы геоақпараттық жүйелер бөлімінің жетекшісі
73	Темербаев Естай Сұлтанұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының техникалық бақылау жөніндегі сарапшысы
74	Ахметов Рүстем Арманұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының Мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің сектор жетекшісі
75	Биманов Марлан Райымбекұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының Мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің инженер-геодезисі
		Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық

76	Нұрмұхамедов Бакытбек Орынбайұлы	кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының Мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің инженер-геодезисі
77	Жаксыбаев Талғат Жұмағазыұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының Мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің инженер-геодезисі
78	Мұсаева Халида Тайырқызы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының Мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің инженер-картографы
79	Кұдайбергенова Әйгерім Мерғалиқызы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының Мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің инженер-картографы
80	Анутова Әлия Амандыққызы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының Мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің инженер-картографы
81	Сматаева Айнұр Емкенқызы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің "Қазгеодезия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Қазгеокарт" филиалының Мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау қызметінің аудармашысы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 804 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен Мемлекеттік шекарасын демаркациялау жөніндегі бірлескен комиссиялардағы Қазақстан Республикасының үкіметтік делегациясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 қазандағы № 1058 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 қазандағы № 1058 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі № 342 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 қазандағы № 1058 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 8 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 қазандағы № 1058 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 546 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК